

## **25 ҚАЗАН – РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ ОРАЙ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА «МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ» ТАҚЫРЫБЫНДА БАЛАЛАРДЫҢ ТҮРЛІ ӘРЕКЕТТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР**

**ІС-ШАРАНЫҢ МАҚСАТЫ** – балалардың түрлі әрекеттері арқылы патриоттық құндылықтарды қалыптастыру

### **МІНДЕТТЕРІ:**

- балалардың Қазақстан Республикасы, оның табиғаты, қалалары мен ауылдары, көрікті жерлері туралы түсініктерін кеңейту;
- Мемлекеттік рәміздерге құрмет сезімін қалыптастыру;
- балалардың туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілігін, мақтаныш сезімін арттыру;
- балалардың шығармашылық, танымдық, коммуникативтік және қимыл-қозғалыс белсенділігін қолдау;
- ұлттық ойындар арқылы қазақ халқының дәстүрлері мен мәдени мұрасына қызығушылықтарын ояту;
- ата-аналарды балалардың патриоттық тәрбиесіне бағытталған бірлескен әрекеттерге тарту;
- балалардың өз ойын, тілегін, сезімін еркін жеткізуіне жағдай жасау.

### **ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ**

Іс-шараны балалардың жас және жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, физикалық, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, шығармашылық, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын түрлі әрекеттерде кіріктіру арқылы және мерекелік көңіл-күй қалыптастыратын, әр баланың белсенді қатысуына мүмкіндік беретін, ойынға негізделген форматта ұйымдастыру ұсынылады.

Педагогтерге балалармен түрлі әрекеттерді ұйымдастыруда қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау, әр баланың жеке жетістігін қолдай отырып, төмендегі бағыттар бойынша өткізу ұсынылады:

**1. «Қазақстанға саяхат»** – танымдық ойыны арқылы балаларға Қазақстанның әртүрлі өңірлеріне виртуалды саяхат, туған елінің табиғаты, қалалары мен ауылдары, көрікті жерлері, мәдениеті мен ұлттық құндылықтарын, ерекшеліктерін айқындайтын ойындар ұйымдастыру ұсынылады.

**2. «Қыран қанаты»** флешмобын қауіпсіз әрі әсерлі қимылдардан тұратын, күрделі би элементтерін талап етпейтін, еркін қозғалыс пен шығармашылық белсенділікке негізделген қысқа композиция түрінде ұйымдастыру ұсынылады.

**3. «Менің елім»** – шығармашылық және ата-аналармен бірлескен әрекетті (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу) ұйымдастыруда балалардың туған жері мен Отанына деген сүйіспеншілігін көркем-шығармашылық әрекетте өз идеясы мен қиялын еркін жүзеге асыруға мүмкіндік бере отырып өткізу ұсынылады.

**4. «Менің Қазақстаным»** - патриоттық әндерді балаларға таныс, мазмұны жас ерекшеліктеріне сәйкес шығармалардан тандап, орындау ұсынылады.

**5. «Ұлттық ойындар алаңы»** – «асық ату», «арқан тарту» және басқа да ұлттық ойындарды ұйымдастыруды балалардың ұлттық ойындарға қызығушылығын арттыруға, ұйымшылдық пен әділдік құндылықтарын қалыптастыруға бағыттап өткізу ұсынылады.

**6. «Қазақстан – менің Отаным!»** – балалардың сөйлеу, шығармашылық, ойын және әлеуметтік-эмоционалдық әрекеттерін кіріктіру арқылы әр балаға Қазақстанға арнаған қарапайым, шынайы, жас ерекшеліктеріне сай қысқа тілегін немесе өз еліне арналған өлең шумағын еркін жеткізуіне мүмкіндік бере отырып ұйымдастыру ұсынылады.

**7. «Қазақстанға жүрегімнен...»** – балалардың ата-аналармен бірлескен шығармашылық әрекетін және жеке жұмыстарын ортақ композицияға біріктіру арқылы пано жасау ұсынылады.